



**IQAA**

**НЕЗАВИСИМОЕ КАЗАХСТАНСКОЕ АГЕНТСТВО  
ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В ОБРАЗОВАНИИ- IQAA**

**ОТЧЕТ ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ (ВНЕШНЕЙ ОЦЕНКЕ)**

**Южно-Казахстанского государственного университета**

**имени М. Ауэзова,**

**составленный экспертной группой**

**Независимого агентства по обеспечению качества в образовании**

**после изучения отчета по самооценке и внешнего аудита**

**в рамках специализированной аккредитации образовательных**

**программ**

**5B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті және 6M020500 Филология**

**6-7 марта 2019 года**

**Шымкент, 2019**



Отчет по внешнему аудиту НАОКО-IQAA

### **ЭКСПЕРТНАЯ ГРУППА**

#### **Руководитель группы**

Кыяхметова Шара Асетовна, доцент кафедры «Казахский язык» Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова, к.фил.н.к., г. Талдыкорган

#### **Члены:**

##### **Международный эксперт**

Девятова Надежда Михайловна, д.ф.н., профессор кафедры русского языка и методики преподавания филологических дисциплин, Московский городской педагогический университет, г. Москва

##### **Эксперты:**

Джумагулова Марияш Ширдаевна, заведующая кафедрой иностранных языков и перевода, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, к.ф.н., г. Кызылорда

##### **Представители работодателей**

Шардарбекова Гулнар Садибековна, директор, Государственный архив общественно-политической истории Туркестанской области, г. Туркестан

##### **Представитель студентов**

Есназар Асель Жаңаберженқызы, докторант по специальности «Педагогика и методика начального обучения», Южно-Казахстанский государственный педагогический институт, г. Шымкент

##### **КООРДИНАТОР НАОКО-IQAA**

Джигитчиева Карлыгаш Мухареденовна, руководитель проекта по экспертизе вузов и колледжей, координатор экспертной группы, г. Астана

##### **ОТВЕТСТВЕННЫЙ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ВУЗА ЗА ВНЕШНЮЮ ОЦЕНКУ**

Абдижапарова Бахыткуль Тельхожаевна, начальник отдела аккредитации Южно-Казахстанского государственного университета имени М.Ауэзова, к.т.н., доцент, г. Шымкент



Отчёт по внешнему аудиту НАОКО-IQAA

**Уровень соответствия отчета по самооценке образовательных программ 5B011700 Казахский язык и литература фактическому состоянию дел в Южно-Казахстанском государственном университете имени М.Ауэзова по каждому стандарту**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета о самооценке фактическому состоянию дел в университете для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Не соответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

**Руководитель экспертной группы:**  
Кыяхметова Шара Асетовна

**Эксперты:**  
Девятова Надежда Михайловна

Джумагулова Марияш Ширдаевна

**Представители работодателей:**  
Шардарбекова Гулнар Садибековна

**Представитель студентов:**  
Есназар Асель Жацабергенқызы

7.03.2019.



Отчёт по внешнему аудиту НАОКО-IQAA

**Уровень соответствия отчета по самооценке образовательных программ 6M020500 Филология фактическому состоянию дел в Южно-Казахстанском государственном университете имени М. Ауэзова по каждому стандарту**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета о самооценке фактическому состоянию дел в университете для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Не соответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Преподаватели и персонал	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

**Руководитель экспертной группы:**  
Кыяхметова Шара Асетовна

**Эксперты:**  
Девятова Надежда Михайловна

Джумагулова Марияш Ширдаевна

**Представители работодателей:**  
Шардарбекова Гулнар Садиековна

**Представитель студентов:**  
Есназар Асель Жаңаберженкызы

7.03.2019.

### КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА

---

Внешний визит экспертной группы в рамках процедуры специализированной аккредитации Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауэзова проходил с 6 по 7 марта 2019 г.

Внешний аудит проходил в соответствии с программой, разработанной НКАОКО и согласованной с руководством университета. Все необходимые для работы материалы (программа визита, отчет по самооценке образовательных программ университета, Руководство по организации и проведению внешней оценки для процедуры специализированной аккредитации) были представлены членам экспертной группы до начала визита в организацию образования, что обеспечило возможность своевременно подготовиться к процедуре внешней оценки.

Встреча с руководством университета дала возможность команде экспертов получить общую характеристику университета, достижения последних лет и перспективы развития образовательных программ и вуза в целом.

Запланированные мероприятия по внешнему визиту способствовали более подробному ознакомлению со структурой университета, ее материально-технической базой, профессорско-преподавательским составом кафедр, студентами и магистрантами, выпускниками, работодателями университета и позволили внешним экспертам провести независимую оценку соответствия данных отчета по самооценке образовательных программ фактическому состоянию дел в учебном заведении.

Отчет по самооценке образовательных программ университета содержит большой объем информации, где проанализированы все сферы деятельности университета и структурных подразделений в соответствии со стандартами специализированной аккредитации, определены сильные и слабые стороны, выявлены угрозы и возможности для дальнейшего развития.

Визуальный осмотр проводился с целью получения общего представления об организации учебного, научного и методического процессов, материально-технической и учебно-лабораторной базе, определения ее соответствия стандартам, а также для контактов с обучающимися и сотрудниками на их рабочих местах. Экспертами был проведен осмотр кафедр, отделов и центров, ЦОС, библиотека, медпункт и физико-терапевтический кабинет, НИИ, спортивный зал, летняя

спортивная площадка и тренажерные кабинеты для студентов с проблемами здоровья и др.

В процессе проведения внешнего аудита эксперты проводили изучение документации кафедр и выборочное посещение учебных занятий по направлениям аккредитуемых программ с целью более детального ознакомления с документооборотом, учебно-методическим и материально-техническим обеспечением.

### **Основные характеристики вуза**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 наурыздағы №256 қаулысының негізінде Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан техникалық университетінің бірігуі мен қайта құрылуы жолымен құрылды. М.Әуезов атындағы ОҚМУ ШЖҚ РМК жарғысы Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитеті төрағасының 2012 жылғы 3 тамыздағы №730 бұйрығымен бекітілді.

Білім беру, заңтану, экономика, жаратылыстану, гуманитарлық, аграрлық ғылымдар, техника, технология, өнер, мәдениет және қызмет көрсету салаларындағы мамандарды даярлау бакалавриаттың 95 мамандығы, магистратураның 59 мамандығы, докторантураның 19 мамандығы бойынша 14.11.2012 ж. Мемлекеттік лицензиямен сәйкестікте жүзеге асырылады. Университет құрамына 6 жоғары мектеп, 6 факультет, сондай-ақ қашықтықтан оқыту институты да енеді. Кафедралар саны – 73, оның ішінде 16 жалпы білім беретін кафедралар мен 57 – маман даярлайтын кафедралар жұмыс істейді. Студенттер контингенті 19984 құрайды, оның ішінде күндізгі оқыту формасы бойынша – 13319 студент, сырттай оқыту түрі бойынша – 6008 студент және кешкі оқыту түрі бойынша – 657 студент. Магистранттар контингенті 765 адамды құрайды, оның ішінде бюджет қаржысы есебінен 622 магистрант, өзінің жеке қаржысы есебінен 143 магистрант білім алуда. Магистратурада оқыту екі бағыт бойынша іске асырылады: ғылыми-педагогикалық және бейіндік. Докторанттар контингенті 134 адамды құрайды, оның ішінде бюджет қаржысы есебінен 107 докторант, жеке өз қаржысы есебінен 27 докторант білім алуда.

Негізгі персонал саны 2638 адамды құрайды, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар профессор-оқытушылар құрамының саны 793 адамды құрайды. 0,5 жүктемеден артық сағатпен жұмыс істейтін штаттық профессор-оқытушылар құрамының саны 1384 адамды құрайды. ОПК жалпы саны 1636 адамды құрайды.

Университетте 10 зертхана, 1 бизнес-инкубатор, 1 ұжымдық пайдаланылатын зертхана (Инженерлік бейіндегі конструкциялық және биохимиялық материалдардың аймақтық сынау зертханасы) 10 ғылыми-зерттеу институттары, 8 ғылыми орталықтар жұмыс жасайды. Университетте барлығы 38 ғылыми бөлімшелер қызмет атқарады. Заманауи технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған және студенттер меңгеретін сәйкес мамандықтарда қолданылатын зертханалардағы орындар саны 95 орынды құрайды.

ҚР БЖҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК заңды және дәйекті мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5

Телефоны: 8 (725)2 210141

Факс: 8(725)2 210141

Ресми сайты: [www.ukgu.kz](http://www.ukgu.kz)



## 2 ТАРАУ

### КІРІСПЕ

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» және 6M020500 – «Филология» білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есептері келесі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде жазылған: Қазақстан Республикасының білім жөніндегі Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 04.07.2018 ж. жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 тіркелген); ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж., № 292 Қаулысы редакциялауында 23.08.2012 ж. №1080 ҚР МЖМБС мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты; Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты; Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелері (Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген) (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 12.10.2018 ж. №563 жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 29.09.2018 ж. № 521 жағдайы бойынша) іс-тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу, іс-тәжірибе базасы ретіндегі ұйымды анықтау Ережелері.

Қоғамдық жаһандану мен бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қазіргі күнде табысқа жетудің басты өлшемдерінің бірі ЖОО арасындағы рейтинг пен аккредитациядан өту болып табылады.

5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы бойынша маман даярлау «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы 2003 жылдан бері (ББ ҚР БЖҒМ 14.11.2012 ж. (№12019073 бұйрығы) және 6M020500 – «Филология» мамандығы бойынша бейіндік және ғылыми педагогикалық бағыттағы магистранттарды даярлау 2012 жылдан бастап ҚР ЖБЖҒМ 14.11.2012 ж. (№12019073 бұйрығы) мемлекеттік лицензиялары негізінде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және университеттің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы және Түркістан облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес жүзеге асырылуда.

6M020500 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми педагогикалық даярлық-2 жыл; бейіндік даярлық кезінде-1 және 1,5 жыл.



5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқыту түрі бойынша оқыту мерзімі 4 және 3 жылды құрайды. Жалпы орта білім базасында кешкі оқыту түрі бойынша оқыту мерзімі 5 жылды құрайды. Сырттай оқыту бойынша оқыту мерзімі (қашықтықтан оқыту технологиясы) орта кәсіби білім базасында және жоғары педагогикалық емес білім базасында 3 жылды құрайды, жоғары кәсіби білім базасында 2 жылды құрайды.

Білім беру бағдарламаларының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. ББ қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Мамандарды даярлау барысында білім беру бағдарламаларын тұтынушылардың талаптары, студенттердің басқару үдерісіне араласуы, білім беру бағдарламасын жүйелі түрде іске асыру, білім сапасын үнемі арттырып отыру негізге алынады. ББ-ны жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінеді. Білім алушылардың ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

Білім беру бағдарламасын одан әрі дамыту және жұмыс берушілердің негізгі талаптарын орындау мақсатында білім беруді іске асыруды жоспарлау және оны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды бөлу ОҚМУ-нің Стратегиялық даму жоспарына сәйкес орындалады.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен студенттер білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған ББ – ның құжаттарына сараптама жүргізілді.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студент-магистранттармен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» және 6M020500 – «Филология» білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік береді.

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын 1 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты, 7 аға оқытушы жүзеге асырады. ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті - 50% құрайды.

Кафедрада 6M020500 – «Филология» білім беру бағдарламасын 1 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты жүзеге асырады. ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті – 100 % құрайды.

### **Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының мақсаты және сапамен қамтамасыздандыру саласындағы саясат**

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дайындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылып жатқандығына ББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және аудит кезінде көзіміз жетті. Білім беру бағдарламасы аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмаларын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында заманауи зерттеулер жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін мамандандырылған мамандар даярлау жоспарланғаны және сол бағытта жұмыстар атқарылып жатқандығы аудит барысында расталды.

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесін алған түлектер педагогикалық білім беру ұйымдарында, ғылыми зерттеу орталықтарында, мәдени мекемелерде, баспа орындарында, ұйымдастыру – басқару жүйесінде, мемлекеттік органдардың іс - қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде қызмет атқара алады.

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаттары университеттің миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады. Аталған бағдарламалар аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмаларын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында заманауи зерттеулер жүргізуге ықпал ететін, сонымен бірге өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін мамандандырылған мамандар даярлау жоспарланған.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриат білім беру бағдарламасы ғылыми, теориялық, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық құзыреттіліктерге бағытталған тәжірибелік талаптарға сай құрылған. Білім беру бағдарламасы кредиттік-модульдік жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу және өзін-өзі бағалау есебімен танысу барысында Қазақстан Республикасы және Түркістан облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындалып жатқандығы анықталды.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары ашық, айқын, білім беру жүйесінің барлық бағыттарын қамтиды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - аталған стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар және үнемі толықтырулармен өңделіп отыратындығы да байқалды. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес.

Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы ректор, проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, шығарушы кафедраның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын дәлелдейді.

Әкімшілікпен, бөлім басшыларымен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен сұхбат барысында байқалғаны, олардың білім беру бағдарламасының мақсаты мен сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатындығы.

ББ мақсатының тиімділігін бағалау үнемі талқыланып отыратындығы факультет кеңесі және кафедра мәжілісі хаттамаларында көрініс тапқан.

Студенттердің оқу үлгерімін, СГЗЖ сапасын, кәсіби практикадан өту қорытындыларын, МАК жұмысын, түлектердің білім дәрежесін, студенттер мен ата-аналарының білім сапасына ризалығын, түлектердің жұмысқа орналасуын, практика өтетін мекемелермен ынтымақтастығын бақылау, талдау, дамыту мақсатында кафедра, деканат және оқу-әдістемелік бөлім жүйелі түрде мониторинг жүргізіп, талқылап, жақсарту жоспарлары бағытында жетілдіріп отырған.

5В011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының стратегиялық жоспары мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның нәтижелілігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім

негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Білім беру бағдарламасы құжаттарымен танысқанда және аудит кезінде мамандарды даярлау барысында ББ-н жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінетіндігі байқалды. Білім бағдарламасы тәжірибелі, білікті, ғылыми дәрежелі кадрлармен жасақталғандығы да мамандырылған аккредитация үдесінен шығады.

Түлектер ассоциациясы жұмысы да жолға қойылған. 6M020500-Филология: қазақ тілі мамандығында білім алған Көпбосынов Бекжан қазіргі таңда Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Н.Назарбаев атындағы зияткерлік-мектеп директорының бейімді эксперимент жөніндегі орынбасары қызметінде. Университетпен келісім шартқа отырған, жаңғартылған білім беру бағдарламасы аясы бойынша тығыз байланыста. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының түлегі Тәжиева Жанат Түркістан облысы, білім саласындағы бақылау департаментінің директоры лауазымын атқарады. Онымен қазіргі заманғы жаңа технологияларды дамыту мәселелері және педагогикалық білім берудің жаңа әдістемелері жөнінде тығыз байланыс орнатылған.

Бүгінгі таңда барлық мамандықтардың студенттері үшін: «Мұхтартану», «Абайтану», «Елбасытану», «Кәсіпкерлік», «Қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениеті және коммуникация», «Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуы» пәндері енгізілді. Енгізу актілері кафедрада жинақталған.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмыстарында жүйелілік принципі басшылыққа алынатындығын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шаралар жоспары айғақтайды. Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау және кемсітушіліктен қорғау шаралары қарастырылғандығын «Оқытушының ар-намыс кодексі» және «Студенттің ар-намысы кодексімен» (университет сайтында) танысу барысында көз жеткіздік.

## **Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару**

Модульдік принципке негізделген білім беру бағдарламаларының құрылымы оқыту нәтижелерін және меңгертілуі тиіс құзыреттіліктерді қамтиды.

Мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторында белгіленген оқытудың бес басты нәтижесіне: білім мен түсінуге, білімді қолдану мен түсініп қолдануға, талқылауды

қалыптастыруға, коммуникативтілік қабілеттерді жетілдіруге, білім алу қабілетін арттыру мен жаңашылдыққа негізделіп жасалған.

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында жүргізілетін пәндер тізімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес 3 модульден тұрады: жалпы білімдік модуль (ЖБМ); базалық модуль (БМ); кәсіптендіру модулі (КМ).

Мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері (МОӘК) талапқа сай құрастырылған. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) толық дайындалған және студенттерге қолжетімді. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған. Электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, СОӨЖ уақытында оқытушылармен еркін пікір алмасуға толыққанды жағдай жасалынған.

Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің типтік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Студенттің оқу жұмысы әр оқу жылының семестрлеріне теңдей бөлінген. Оқу жоспарының міндетті компоненттері бойынша білім беру бағдарламасы мазмұны ҚР МЖМБС талабына сәйкес. Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес. Таңдау компоненттері жұмыс берушілер ұсыныстары негізінде енгізілген. Мамандықтың (МОӘК) және пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешендері толық және білім алушыларға қолжетімді.

МББ оқыту траекторияларына негізделіп дайындалған.

5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ-ның оқыту траекториялары: Траектория-1 Қазақ тілі мен әдебиетінің негізгі бағыттары; Траектория-2 Қазақ тілі мен әдебиетінің қосымша бағыттары.

6M020500 – «Филология ББ-ның оқыту траекториялары траекториялары: Траектория - 1. Лингвистика ілімінің теориялық негіздері; Траектория - 2. Тіл білімінің танымдық бағыттары.

Білім беру бағдарламасында студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытатын тұлғатану бағытындағы пәндер сонымен қатар, лингвистика, әдебиеттану саласындағы теориялық білімдерін қалыптастыратын компоненттер енгізілген. Білім алушының таңдаған пәні бойынша мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті болашақ педагог даярлау мақсатында 5B011700- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының оқу жоспарына жұмыс берушілер мен студенттердің ұсынысы бойынша «Мектептерде қазіргі заманғы оқыту технологиялары мен әдістемелері» 2 кредит) элективті пән 2018-2019 оқу жылының оқу жоспарына енгізілген.

Алайда студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген, әдістемелік бағыттағы таңдау пәндерінің аздығы бағдарлама мазмұнын жетілдіруді қажет етеді.

Кафедрада жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Студенттер силлабустар мен қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған.

Кәсіби іс-тәжірибе жоғары білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бағдарламасындағы іс-тәжірибенің оқу, педагогикалық және дипломалды іс-тәжірибе түрлерінің мерзімі мен мазмұны мамандықтың оқу-жұмыс бағдарламасы және іс-тәжірибе бағдарламасы негізінде анықталады. Іс-тәжірибенің барлық түрлері кредит өлшемімен бағаланады. Іс-тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай жүргізіледі. Іс-тәжірибе базалары: Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы, А. Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы, Фуркат атындағы №37 жалпы орта мектебі, №80 мектеп-лицейі, Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі, С. Ерубаяев атындағы №24 мектеп-лицейі. Мектептермен екі жақты келісімшарт жасалған.

Университетте мониторинг рәсімін жасау әдістемесі, өлшем құралдары, білімді бағалау шкаласы мен ішкі нормативтері сәйкестендіріліп жасалған ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг өткізіліп отыратындығы бөлім басшыларымен сұхбаттасу кезінде анықталды.

Академиялық ішкі-сыртқы ұтқырлық бағдарламасы да жүзеге асырылуда. 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ФИ-18-1к1 тобының 1 курс студенттері Жолдасбек Ұлпан, Бақытқызы Сымбат, Байзақ Сымбат, ФИ-17-1к 2 тобының 2 курс студенттері Абдіқаппарқызы Айгүл, Камалова Мадина және 5B020500- «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ФИ-18-5к тобының 1 курс магистранттар Исатай Жанна мен Ануар Баян ішкі ұтқырлық бойынша оқып келген. Құжаттары тіркелген.

Екі дипломды білім беру бағдарламасы бойынша Гүлистан Мемлекеттік университетімен (Өзбекстан Республикасы) келісім-шартқа отырған, келер оқу жылынан бастап іске асыру жоспарда.

Оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейінің сапасын көтеру, оқу жоспары мен міндеттерінің орындалуын, бағдарламаның өзектілігін, студенттерді бағалаудың нәтижелілігін, бағдарлама сапасына қанағаттану сынды жетілдірудің кері байланысын анықтау мақсатында тұрақты түрде мониторинг өткізіліп, алынған мәліметтерге талдау жасалынып, жетілдіру

жұмыстары атқарылып отыратындығы университет құжаттарында жинақталған.

***Жақсарту шаралары:***

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасы болашақ педагогтарды дайындайтындықтан ҚР мен Түркістан облысының білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен студенттердің жеке мүдделерін қанағаттандыратын оқытудың жаңа технологияларына негізделген және болашақ мұғалімнің дағдылары мен пәндік-әдістемелік білімдерін қалыптастыратын әдістемелік бағыттағы элективті пәндерді оқу үдерісіне енгізу мәселесі жандандырылсын. ***(5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ)***

**Стандарт 3. Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау**

Өзін-өзі бағалау есебін оқыған кезде және сыртқы аудит барысында оқытудың икемді жолдарын ұсыну; оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану; оқытудың нәтижелерін бағалау және өзгерістер енгізу; басшылық пен оқытушы тарапынан студенттің дербестігін ынталандыру мен қолдауды қатар қамтамасыз ету; «студент – оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық талаптары бойынша жүзеге асырылатындығы белгілі болды.

Білім алушылармен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің оқыту траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айғақталды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студенттер пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады. Бұл оқыту траекториясын дұрыс құруға негіз болады. Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық - анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

Бірінші курс студенттері үшін кафедра ПОҚ, эдвайзер, офис-тіркеуші бөлімі мен деканат қызметкерлері академиялық қолдау көрсету арқылы бағдарлау рәсімдерін өткізеді. Анықтама-жолсілтегіштер берілген, оқу ғимараттарына экскурсия жасау, «Студенттің Ар-намыс кодексімен», ЖОО тәртібімен таныстыру, силлабустармен қамтамасыз ету сынды жұмыстар атқарылады. Бұл жұмыстар кураторлар мен эдвайзерлерге бекітілген.



Бағдарламаның жүзеге асырылуы білім алушылардың мүдделеріне негізделген. Студенттің оқу жүктемесі әр оқу жылының семестрлеріне теңдей бөлінген.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ойлар мен мәдени дамудың жаңаша жетістіктерінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады. Осы бағытта мамандықта оң істер іске асырылған.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру қажетті деңгейде орындалу үстінде. Зерттеу жұмысының қортындысы дөңгелек үстел, конференция, ғылыми семинарларда баяндалып, басылымдарда жарияланып отырған.

Сыртқы аудит кезінде оқу-әдістемелік құжаттарды талдағанымызда, СҒЗЖ нәтижелері және өткізілген ашық оқу-тәрбие жұмыстарымен танысқанымызда студенттің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға жағдай жасалғандығы айқындалды.

Студенттің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда студенттерге пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалатындығына көзіміз жетті.

Студенттердің білімін бағалау сараптамасы оқытуды ағымдық, аралық және қорытынды бақылау арқылы бақылаудың тиімді екенін дәлелдейді. Бітірушілердің мемлекеттік қорытынды аттестациялауын ұйымдастыру мемлекеттік қорытынды тексеру нәтижесінің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Кафедрада әрбір пәннің сапасы студенттермен арнайы сауалнама жүргізу жолымен тексеріліп отырады. Студенттердің ағымдық білім сапасын қадағалайтын ішкі мониторинг жүйесі бар. Нәтижесі кафедра отырыстарында талқыланып, кемшіліктерді жою бағытында жұмыстар жүргізіліп отырған.

6M020500 Филология мамандығы бойынша ғылыми тағлымдамадан өту мақсатында Томск мемлекеттік педагогикалық университетімен келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарт 2011 жылдан 2016 жылдар аралығына түзілген (№ 0108/11 от 10.09.2011 ж.). 2014-2015 оқу жылы 6M020500 Филология мамандығы 2-курс магистранттары Абиева Д.Н., Егеубаева К.У., Мамиркулова Г.М., Сарсенбаева А.У., Абдиманапова А.М., Кенеханов Е.Т., Стамкулова С.Е. 20.03.2015-30.03.2015 ж. аралығында Томск мемлекеттік педагогикалық университетінде шетелдік ғылыми-зерттеу тағылымдамадан өтті.

2015-2016 жылы 2-курс магистранттары Ағабеков О.М., Амирова Г.О., Қожабергенова Г.А., Сапар А.А., Смайл А.Х., Мерганова А.А.,

Мусапирова А.А. Томск мемлекеттік-педагогикалық университетінде 14.03.2016-24.03.2016 ж аралығында шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

2016-2017 жылы «Қазақ тілі мен әдебиетінің» магистранты Орынбаева К.М. 29.03.2017 - 09.04.2017 ж. аралығында Мәскеу қалалық педагогикалық университетінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

2017-2018 оқу жылы наурыздың 20-сы мен 30-ы аралығында Амантай Шапағат және Пансат Жансая ғылыми тағлымдамадан Түркістан қаласында орналасқан М.Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ-де өтті. (Келісім-шарт № 18/51 от 22.01.2018 ж.) Ғылыми тағлымдама барысында магистранттар сол университеттің жоғары білікті мамандарынан лекциялар тыңдап, кітапхана қорымен танысып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Магистрлік диссертацияларына материалдар жинаған, тәжірибе алмасқан. Құжаттары кафедрада тіркеулі.

Білім беру бағдарламасының мақсаттарын жүйелі түрде сараптау, оларды жүзеге асыру, белгілі нәтижелерді алу, білім беру бағдарламасының аясында оқыту іс-шараларының мазмұны мен нысандарын оңтайландыруға мүмкіндік туғызады. Әрбір сессиядан кейін, келесі семестр басталғанда ЖОО АЖ жүйесінде «Оқытушы студент көзімен», «Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына қанағаттанушылығы» сауалнамалары жүргізіледі. «Таза сессия» акциясын өткізу тұрақты сипат алған, бұл академиялық адалдық қағидаларын айғақтауға мүмкіндік береді. Студенттер активі сессия кезінде емтихан барысын ректоратқа тәуелсіз бақылауды жүзеге асырады, студенттер құқығын қорғайды. Жатақханаларда және тәлімгерлік сағаттар барысында студенттер мен белсенділердің қатысуымен көкейтесті тақырыптарға дөңгелек үстелдер өткізілетіндігі де оң көзқарас тудырады.

Ай сайын 20-ші күні университетте студенттік өзін-өзі басқару күні өтеді, жатақханада тұру және оқу барысында оларда туындаған мәселелердің шешімін табу мен айқындау мақсатында және оқу-тәрбие, ғылыми үдерістерді жақсарту бойынша студенттермен кездесулер ұйымдастырылып отырады, емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудегі кемшіліктер айқындалады. Студенттік өзін-өзі басқару нәтижелері келесі күні оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, тәрбие жұмыстары және жастар саясаты бойынша Департамент директоры, жастар орталығы директоры қатысуымен қарастырылады, онда айқындалған мәселелер бойынша шешімдер қабылданып, өзін-өзі басқару күнінің қорытындысы жасалады. Сонымен, студенттер сұранысы бойынша Психологиялық қызмет көрсету орталығы ашылып, жатақханаларда тұру жағдайлары жақсартылған.

Білім алушылармен сұхбат кезінде санитарлық-эпидемиялық нормаға сай жатақхана, медпункт, спорт зал, асханамен қамтамасыз етілгендігі анықталды.

Студенттердің наразылықтары мен талап-тілектерін анықтау жүйесі ұйымдастырылған. 5 студенттер жатақханасында, сондай-ақ барлық 10 оқу корпустарында «Сенім поштасы» жәшіктері орналастырылып, студенттер үшін сенім телефондары жөніндегі хабарламалар ілінген.

Ректордың [www.ukgu.kz](http://www.ukgu.kz) сайтында жеке блогы ашылған, онда студенттер өздерін қызықтыратын сұрақтарды қойып, өз сұрақтарына дер кезінде жауап алып отырады.

Сұхбаттасу кезінде студенттердің білімділігі, біліктілігі, құзыреттілігі байқалды және студенттер арасында өткен әлеуметтік сауалнама нәтижесі олардың университет қабырғасында алған білімдеріне толықтай көңілдері толатынын көрсетті.

Есептегі: «М.Әуезов атындағы ОҚМУ СҒЗЖ байқауының материалдары жыл сайын студенттердің ғылыми жұмыстарының жинағында, ал үздік жұмыстар «Әуезов оқулары» ғылыми журналында жарияланады. Факультет студенттері есеп беру кезеңі ішінде 80-нен астам ғылыми жұмыстар жариялады» деп жазылған мәліметтердің растығын дәлелдейтін материалдар папкада және кафедраның жеке сайтында жинақталған.

#### ***Жазымды тәжірибелер:***

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» және 6M020500 – «Филология» білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы білім алушылардың мүдделеріне негізделгендігін Студенттерге қызмет көрсету орталығының жұмысы айғақтайды.

Сессия кезеңінде студент қай пәнді қай күні тапсыратындығын, уақытын, емтихан тапсыру түрін өзі таңдай алуының эксперимент түрінде өткізілуі. Аралық бақылауды (емтихан) өткізудің мұндай тәсілі кредиттік оқыту технологиясының талаптарынан туындап отыр.

Білім алушыларға қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған. Оқуға қабылданушымен жасалатын келісім-шарт пен университеттің Қабылдау ережесі негізінде білім алушыларға төлемақыға байланысты әр түрлі деңгейдегі жеңілдіктер қарастырылған.

#### **Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификациялау**

Еңбек нарығындағы тұтынушылардың сұранысына сәйкес кафедра білім беру нәтижелілігіне баға бере отырып, тұтынушылардың қажетін өтеуде жетістіктерге қол жеткізу үшін білім беруді жетілдірудің жаңа жолдарын енгізу бағытында жұмыс жасау үстінде.

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесін алған түлектер педагогикалық білім беру

ұйымдарында, ғылыми зерттеу орталықтарында, мәдени мекемелерде, баспа орындарында, ұйымдастыру – басқару жүйесінде, мемлекеттік органдардың іс - қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде қызмет атқарып жатыр.

Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді.

Білім алушылардың құзіреттілігі және білімді бағалаудың нәтижесі мамандыққа қатысты ғана емес, пәнге қатысты бағаланатындығы белгілі. Модульдік білім беру бағдарламасында әр пәнді игеруде алатын құзіреттіліктері анық жазылған және осы бағытта үнемі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Студенттердің құзіреттілігі және білімді бағалаудың нәтижесі мамандыққа қатысты ғана емес, пәнге қатысты бағаланатындығы белгілі. Модульдік білім бағдарламасында әр пәнді игеруде алатын құзіреттіліктері анық жазылған және осы бағытта үнемі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырған.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым – қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттармен танысқан кезде анықталды. Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанатындығын білдіреді.

Бітірушілермен сұхбат барысында олармен білім сапасын көтеру мақсатында білім беру бағдарламасымен тұрақты байланыстың орнатылғандығын байқадық.

Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі соңғы 5 жылда 100 % -ды құрайды. Түлектермен кері байланыс орнатылған.

Студенттер практикасының қорытындысы, ағымдағы үлгерім, мемлекеттік аттестация, оқыту сапасы, оқытушының кәсіптік өсуі бағытында сауалнама жүргізіліп отырған және мониторингісі шығарылып, кафедра отырыстарында талдау жасалынған, хаттамалары тіркелген.

Аудит кезінде кәсіптік бағдар жұмысының жүйелі түрде өткізілетіндігін; педагогикалық тәжірибе өту барысында студенттердің кәсіптік бағдар бойынша жұмыс ұйымдастыратынын; жұмысқа орналасуына үміт беретін көшпелі семинарлар мен әңгіме-сұхбаттардың

өткізілетіндігін; мектеп оқушыларының кафедраның тәжірибелі оқытушыларының жетекшілігімен ҒЗЖ-на тартылып, ғылыми жоба жарыстарына қатысатындықтарын; бітіруші курс студенттерінің түлектермен кездесу өткізетіндіктерін; үгіт-насихат материалдарымен Шымкент қаласы мен Түркістан облысы орта мектептерін аралайтындықтарын; түлектерге ақысыз түрде жоспарлы түрде кеңес берілетіндіктерін; БАҚ-та мамандықты жарнамалау [www.ukgu.kz](http://www.ukgu.kz) сайтында білім беру қызметтері туралы мәліметтер берілетіндігін; кәсіптік бағдар беретін буклеттердің үнемі таратылатындығын; интернет-ресурстарды тегін қолданатындықтарын; Ашық есік күндері өткізетіндіктерін құжаттармен танысу және сұхбат барысында анықтадық.

Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым – қатынас орныққан, жұмыс берушілер білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатысып, өз ұсыныстарын жасайды, бұл жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және қажетті құжаттар негізінде анықталды.

Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанғандығын білдіреді.

Университетке ақылы негізде білім алу үшін азаматтарды қабылдау келісімшарт негізінде және ҰБТ, кешенді тестілеу мен екінші қайтара кешенді тестілеудің 65-тен кем емес балл саны жинақталған жағдайда іске асырылатындығы талапкердің білім сапасы ескерілетіндігін көрсетіп отыр. Байқауға қатысу үшін қажетті минималды балл саны 50-ден кем емес балды құрайды, оның ішінде бейіндік пән үшін 7 баллдан кем емес, қалған пәндер бойынша 4 баллдан кем болмауы тиіс.

Кәсіби бағдар беру жұмыстарының түрлі формада жүргізілуі.

Кәсіби білім берудегі нәтижелілік еңбек нарығындағы ЖОО түлектерінің сұранысы арқылы көрінеді. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі деңгейі жыл сайын өсіп отырған. Мұндай нәтижеге қоғамдағы әлеуметтік сұранысқа және жұмыс беруші талаптарына сай болуы үшін түлектерге түйіндеме әзірлеуге және басқа құжаттар жүргізу бойынша шеберлік сыныптары, жұмыс берушілермен ұтымды сұхбат жүргізу үшін оқыту семинарлары, оқытушылардың белгіленген ережелер мен сапасына сай іс-тәжірибе өтуі үшін жұмыс берушілермен келіссөз жүргізу арқылы жеткен.

***Жазғымды тәжірибелер:***

Мәтіннің бірегейлігін анықтайтын 4 антиплагиат (Etxt. Антиплагиат; AdvegoPlagiatus; Text; AntiPlagiat) бағдарламасының болуы.

## **Стандарт 5 . Профессор- оқытушы құрамы**

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді. ПОҚ құрамының түйіндемелері мен мінездемелері мамандардың практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, оқу, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру-тәрбиелік қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметтеріне лайықтығын айқын көрсетеді. Оқытушылардың базалық білімдері жүргізетін пәндеріне сәйкес. Құжаттар көшірмесі аталған жетістіктерді айғақтайды. ПОҚ құрамы тұрақты. ББ-на қызмет көрсететін ПОҚ жайлы толық мәлімет беретін түйіндеме дайындалған.

Әр оқу жылында ПОҚ-ның қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама және «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы тұрақты алынады. Оқытушылардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтер, білім берудің сапасын көтеру мақсатында жүргізілген сауалнамалар білім беру үдерісінің сапасын арттырады.

ПОҚ-тың біліктілік деңгейі біліктілікті арттыру, машықтану, ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарымен айналысу бағытында үнемі жетілдіріліп отыратындығы өзін-өзі бағалау есебімен танысқанда, сыртқы аудит кезінде және профессор - оқытушы құрамымен сұхбаттасу барысында байқалды.

Барлық пәндер бойынша білікті оқытушылар құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу - әдістемелік, ғылыми ізденіс және кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар. Оқу-әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарлары, өткізілген отырыстардың хаттамалары кафедрада сақталған. ОПҚ-ның жарияланған ғылыми басылымдары (елде және шет елде), оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары және ПОҚ құзыреттілігіне жалпы баға беретін құжаттар (ашық сабақ, өзара сабаққа қатысу, студенттер сауалнамасы және т.б.) кафедрада жинақталған.

Білім беру бағдарламасын сапамен қамтамасыз ету саясатындағы оқыту, ғылыми зерттеу және білім беру арасындағы қарым-қатынас деңгейі сақталған. ПОҚ ғылыми жетістіктерін жүргізетін пәндерінде

пайдалану үрдісіне енгізген. 2018 жылы 5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының білім беру траекториясы жаңартылды. Жұмыспен қамтушылардың ұсыныс бойынша «Әдебиет теориясы және қазақ әдеби сынының тарихы», «Арнайы семинар: көркем шығармаларды талдау», «Әдеби мәтіндерді көркемдік талдау», «Практикалық қазақ тілі» пәндері енгізілді.

ПОҚ біліктілігін көтеруге, материалдық және моральдық ынталандыруға, кадрлық әлеуетті жоғарылатуға толық мүмкіндік жасалған. ЖОО білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын оқытушылардың оқу және ғылыми қызметтерінің арақатынас тепе - теңдігі сақталған.

«ЖОО студенттерінің көрсетілген көмекке қанағаттануы», «Студенттердің алған білім нәтижелеріне қанағаттануы», «Студенттердің университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қанағаттануы» атты сауалнамаларға 48 студент қатысқан екен. Сауалнамаға қатысушылардың 90 пайызының оң баға беруі оқыту үдерісінің дұрыс жолға қойылғандығын көрсетеді.

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу - әдістемелік, ғылыми ізденіс және кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар.

Оқу-әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарлары, өткізілген отырыстардың хаттамалары кафедрада сақталған.

Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша есептік кезеңде маман даярлаушы кафедра оқытушылары тарапынан әр жыл сайын жарияланған оқулық, оқу құралы, көркем әдебиет, оқу-әдістемелік құрал мен нұсқаулықтар: 2014-2015 оқу жылында монография-1, оқу құралы-1, әдістемелік нұсқау – 3, аударма-1. 2015-2016 оқу жылында оқу құралы-3, әдістемелік-6. 2016-2017 оқу жылында оқу құралы-1, әдістемелік-11, дәрістер жинағы- 4. 1917-2018 оқу жылында оқулық-1, оқу құралы-1, хрестоматия-1, әдістемелік-8, дәрістер жинағы-3. 2018-2019 оқу жылында оқу құралы-1, электронды оқулық-1, виртуальді-1, әдістемелік-16, хрестоматия-1, дәрістер жинағы-3. Бұл мәліметтер ПОҚ-тың ғылыми-әдістемелік жұмыстарының көрсеткіші жоғары екендігін көрсетеді.

5B020500, 5B011700 маманықтарына арналған «Эссе» табиғаты және оны зерттеу әдістемесі электронды оқулық (7б.т. 30 қазақ 2018 наурыз ), виртуальді практикалық сабаққа арналған «Нормативті қазақ тілі» 3 б.т. көлеміндегі электронды оқулық (20 қазақ 2018 наурыз ) дайындалған және оқу үдерісіне енгізілген.

Кафедрада «Қазақ хандығы дәуірі әдебиеті» пәнінен стандартталған тест тапсырмаларын шығару 2019 жылға жоспарланған. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексикология, грамматика) пәнінің аралық бақылауына 2013 жылы Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтында



шығарған «Қазіргі қазақ тілі» атты стандартталған тестер жинағы пайдаланылады.

Мамандықтың арнайы ерекшеліктерін ескере отырып, алыс-жақын шет елдермен халықаралық ғылыми-әдістемелік байланыс орнатудың жолдары, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған мемлекеттік қаржы бөлінетін ғылыми жоба конкурстарына қатысу жоспары, студенттердің тартылуы бағытында жұмыстар атқарылып жатқандығы сыртқы аудит барысында анықталды. Мысалы, 2015 жылы Тілеубердиев Б.М «Қазақ кісі есімдерінің ағылшын тіліндегі оңтайлы транслитерациясының мәселелері мен олардың заманауи шешімдері, Қалшабеков А.Б «Қазіргі қазақ әдебиет теориясының даму тенденциялары», Омаров Н. «Қазіргі қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері», Тұрмаханова С. «Қазіргі қазақ тілінің мәтін зерттеу мәселесі» атты тақырыптарда ғылыми жоба ұсынса, 2017 жылы «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы «Саналы азамат» базалық бағытының аясында іске асырылатын «Түркістан облысы «Жібек жолы» бойындағы жер-су атауларына қатысты қалыптасқан аңыз-әңгімелер» тақырыбында кіші жобасы ұсынылды. Жоба жетекшілері: филология ғылымдарының докторы, профессор Тілеубердиев Болатбек, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Омаров Нұрлыбек. «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы «Саналы азамат» базалық бағытының аясында іске асырылатын «Ұлттық код – рухани құндылықтар жиынтығы» тақырыбында кіші жобасы ұсынылды. Жоба жетекшілері: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қалшабеков Ақжол, филология ғылымдарының докторы, профессор Тілеубердиев Болатбек. 2018 жылы Start-Up конкурсына Фи-16-1к2 тобы студенті Түйме Құралай «Жарнамалық тақтайшаларды латын қарпіне көшіру» және Фи-15-1к тобы студенті Әбдіманап Қазбек «Жарнама агенттігін ашу» тақырыбында өз жобаларын ұсынды.

Аккредитациялау және мониторинг бөлімінің басшылығымен әр оқу жылында ПОҚ-тың қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама тұрақты алынады. Оқытушылардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтердің, білім берудің сапасын көтеру мақсатында жүргізілген сауалнамалар білім беру үдерісінің сапасын арттырады анық.

07.03.2019 ж. күні Фи-16-1к1,2 топтарында өткен Н. Халикованың «Шетелдер әдебиетінің тарихы» пәнінен «Европа әдебиетінің қайта өркендеген дәуірі» тақырыбындағы дәрісіне қатыстық. Сабақ жоспарында Қайта өрлеу дәуірінің ірі тұлғалары болып саналатын Д.Альигерий, Петрарка, Боккачоның өмірі мен шығармашылығы, шығармаларындағы гуманисттік идея жайлы айтылды және қазақ әдебиетіндегі туындылармен салыстыра отырып талданды. Оқытушы интербелсенді әдістерді пайдаланды: миға шабуыл жасау, сұрақ-жауап әдісі, баяндау әдісі, ВЕНН

диаграммасы және т.б. Миға шабуыл әдісінде студенттерге ренессанс дәуірі туралы ой қозғау сұрақтары берілді. Студенттер Пернехан Ақжан, Түйме Құралай қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктеріне, әдебиеттегі ірі өкілдері мен олардың шығармашылық жолына жалпы шолу жасады. Сабақтың соңында студенттерге қорытынды сұрақтар қойылып, өтілген сабақтан түйгендері бойынша өз тезистері тыңдалды.

Сонымен қатар, кафедра меңгерушісі Н. Омаровтың ФИ-17-1к1, ФИ-17-1к 2 топтарына 206 дәрісханада «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеті» пәнінен «Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау шығармашылығы» тақырыбындағы ашық дәрісін тыңдадық. Дәріс өз деңгейінде талапқа сай өткізілді. Дәріс барысында топ студенттері ноутбуктер пайдаланды. Сабақ барысында оқытушы студенттерді қызықтырарлық материалдар көбірек қолданды, яғни интерактивті тақтада презентация және таратпа материалдар пайдаланылды, кітап көрмесін ұйымдастырды. Студенттер «Арғымаққа оқ тиді», «Айналайын Ақжайық», «Ақсуым» өлеңдерін оқып, талдаулар жасап, өз ойларын ортаға салды. Дәріс интерактивті түрде өткізілді. Сабақ барысында сұрақ – жауап, пікірталас, ақпараттық және интербелсенді әдістер тиімді қолданылды. Оқытушы дәріс барысында өз біліктілігі мен күзиреттілігін көрсете білді.

6M020500 - «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша 111 аудиторияда МФ-18-3НК тобында өткен «Функционалды грамматика» пәнінен «Функционалды морфологияның категориялық негіздері» тақырыбындағы ф.ғ.к., доцент Б.Т.Тасполатовтың дәріс сабағына қатыстық. Сабақ барысында топтық, жеке, сұхбат, баяндау әдістері қолданылды. Дәріскер диссертациялар, ғылыми мақалалар, слайд-презентация, монографиялар, мерзімді басылымдарды пайдалану арқылы сабақтың ғылыми деңгейін арттырды. Магистранттар Исабек Әзімхан, Сапарәлі Аймүсін белгілі ғалымдар Ы.Маманов, Т.Қордабаев, А.Ысқақов, С.Исаев, И.Ұйықбаевтың т.б. ғылыми еңбектеріне шолу жасап, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Сабақ өткізушілер сабақтарында оқытудың жаңа технологиясын қолданды. Дәріскерлер мақсаттарына жетті деп айта аламыз.

Кафедрада ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінен 2 ғылыми бағыт бойынша жүргізіледі. Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыптары университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес. Кафедраның келесі бағыттар бойынша ғылыми ізденістері ұйымдастырылған: 1. Б-16-11-1 «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» Жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Н.Қ. Омаров. 2. Б-16-11-2 «Тіл білімін зерттеудің салыстырмалы, когнитивтік, этнолингвистикалық бағыттары» Жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Б.М. Тілеубердиев.

2018 жылы ғылыми журналдарда: импакт-факторда – 8, Қазақстанның Ғылым және Білім министірлігі ғылым комитеті білім саласындағы мақұлдаған журналдарда -13, басқа журналдарда - 6,

халықаралық журналдарда - 3, жинақта- 21 , конференцияларда (халықаралық- 7, республикалық – 42, аймақтық - 17 ), алыс шетелде - 1, жақын шетелде - 2 мақала жарық көрген.

## **Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау**

Материалдық-техникалық ресурстар, қаржыландыру, оқу-зертханалық база, кітапхана қоры, ақпараттық қамтамасыз ету және университетін қаржылық бағдарламасы білім беру бағдарламасын тұрақты жетілдіруге бағытталған.

Университет білімгерлері, оқытушылар ақпараттық ресурстармен, кітапхана қорымен, мамандандырылған аудиториялармен қамтамасыз етілген. Электронды залда интернет жүйесі арқылы жұмыс жасауға мүмкіндік жасалған, қызмет көрсетудің инновациялық моделі іске қосылған. е) ОҚМУ-де оқытудың кредиттік технологиясын іске асырудың барлық үдерістері ЖОО АЖ ақпараттық жүйесі негізінде автоматтандырылған: (күндізгі және қашықтықтан оқыту институты жекелікте) ([www.asu.ukgu.kz](http://www.asu.ukgu.kz)), ([www.zao.ukgu.kz](http://www.zao.ukgu.kz)); ОҚМУ ақпараттық-білім беру порталы ([www.portal.ukgu.kz](http://www.portal.ukgu.kz)); қашықтықтан білім беру институтының web-сайты ([www.sdo.ukgu.kz](http://www.sdo.ukgu.kz)). Университетте студентке орталықтандырылған оқытуды дамыту үшін [professor.ukgu.kz](http://professor.ukgu.kz). бірыңғай білім беру порталы жұмыс жасайды. Университет қорын қажеттілігіне қарай дұрыс жұмсап, оның көлемін ұлғайту мүмкіндіктері жайлы мәселе үнемі қарастырылып отырады.

Білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін 526 аудитория қызмет етеді, оның ішінде 135 мамандандырылған зертхана, 76 компьютерлік сыныптар, заманауи оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған 123 аудитория, оқытудың мультимедиалық құралдарымен жабдықталып (9 мультимедиалық кабинет, 2 лингафонды кабинет, 5 электронды ресурстық орталық), Интернет желісіне қосылған аудиториялар бар. Лекцияны, практикалық және семинар сабақтарды жүргізуге арналған 177 аудитория, оның ішінде 92 лекциялық залдар болса, оның 108-і интерактивті тақталармен жабдықталған.

Бағдарламалық қамсыздандыру ретінде «ИРБИС 64» бағдарламасы қолданылады, ол «Комплектатор», «Каталогизатор», «Оқырман», «Кітаппен қамсыздандыру», «Кітап беру», «Администратор» секілді 6 модуль құрамында барлық кітапханалық үдерістерді кешенді автоматтандыруды қамтамасыз етеді. Пайдаланушылар қызметіне заманауи анықтамалық-библиографиялық аппарат та ұсынылған: Электронды каталог (ЭК), Мақалалардың электронды картотекасы, Диссертация авторефераттарының электронды картотекасы.

2017 жылдан бастап пайдаланушыларға қолайлы болуы үшін өзекті толықмәтінді мәліметтер базасы «М.Әуезов атындағы ОҚМУ профессор-оқытушылар құрамының еңбектері», «Электронды мұрағат», «AlmaMater» 2007 жылдан бері бірыңғай іздестіру жүйесіне біріктірілген. «SpringerLink», «Scopus», «Полпред», «Thomson Reuters ISI Web of Knowledge», «ScienceDirect», «EBSCO» мәліметтер базасына және «КазПатент», «Эпиграф», «Заң», «РМЭБ» қазақстандық мәліметтер базасына on-line қол жетімді.

ОҚМУ электронды кітапханасында орналастырылған барлық оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар оқу үдерісінде пайдаланылады, жұмыс жоспарларында негізгі немесе қосымша әдебиет ретінде сипатталады, ОҚМУ-дің <http://portal.ukgu.kz>, порталында қолжетімді және кітапхананың <http://lib.ukgu.kz/> сайтында да қолжетімді. Бір мезгілдегі қосылу саны шектеусіз.

Кесте мәліметтері бойынша базалық және бейіндік циклдар үшін ОӘӘ камсыздандырылуы 70 %-ды құрайды, оның нормативі 40%, бұл лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарына сай келеді (*ҚР БжҒМ бұйрығы, 11.03.2016, № 194*) п. 51.

АБО 2017-2018 оқу жылындағы жетістіктері келесі электронды сервистерді енгізуі болып табылады: білім алушылар мен оқытушылардың электронды ресурстарға қол жеткізуіндегі бірыңғай іздестіру жүйесі, ОҚМУ-де цифрлық материалдарды (жарияланымдарды) құруға, сақтау мен таратуға мүмкіндік беретін репозиторий (ашық қолжетімділік архиві) құру жобасы.

ҚР жоғарғы оқу орындары Ассоциациясымен Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхананың ресурстарына қол жетімділік туралы келісімшарт жасасқан. Келісім шартқа сәйкес оқытушылар мен білім алушылар кітапхана қорын пайдалана алады. Білім беру бағдарламасының нәтижелі, толыққанды орындалуы үшін университет материалдық-техникалық базасын, кітапханалық қорын және ақпараттық ресурстарды үнемі толықтырып, заманауи талаптарға сай жаңалап отырады.

Кітапхананың ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кітапханадағы барлық оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер, әдеби кітаптар қоры электрондық каталогтар жүйесіне енгізілген. Ұлттық кітапханамен, ғылыми орталықтандырылған кітапханалармен, басқа да ЖОО кітапханаларымен интернет жүйесі арқылы бірыңғай желіге қосылған. Сонымен қатар, әр түрлі форматтағы құжаттарға еркін қол жеткізу (кітаптар, мерзімдік басылымдар, аудио, бейне материалдар, CD-ROM-дар, деректер қоры, соның ішінде интернет деректер қоры, электрондық оқулықтар және т.б. және CD-ROM арқылы оқулықтарды, оқу құралдары мен энциклопедияларды, сөздіктер мен анықтамаларды, бейнефильмдерді көруге мүмкіндік береді. Электронды және магнитті тасымалдаушылар көздері нормативтік талаптарға сай.

Студенттер халықаралық және республикалық ресурстарды қолдана алады. Оқу материалдары, бағдарлама құралдары, оқу әдебиеті мен қосымша ресурстар, жабдықтар білім алушылардың барлығы үшін қолжетімді. Қордың тәжірибелік комплектеу тәжірибесі «Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР Заңына сәйкес негізделген. Кафедраның материалдық-техникалық базасы кафедра меңгерушісінің сұранымына сәйкес, үнемі жаңа жабдықтарды сатып алу арқылы үнемі жаңаланып, жетілдіріліп, кеңейтіліп отырады.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттер мен оқытушыларды (мысалы, Web-сайт негізінде) ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі енгізілген: студенттерге, профессор-оқытушыларға және қызметкерлерге ыңғайлы орындарда Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ететін Wi-Fi аумағы бар.

Университетте компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету жыл сайын бір рет жаңартылып отырады. Университет қызметінің барлық бағыттары лицензиялық бағдарламамен қамтылған. Оқу бөлмелері жиһаз, компьютерлік техника, дәстүрлі және интерактивті тақталармен, көрнекілік стендтермен қамтылған. Компьютерлік сынып Microsoft Office (Word, Excel, Power Point, Corel Draw), Internet Explorer және т.б. бағдарламалар салынған компьютермен қамтылған. Барлық компьютерлер желімен байланысып, мәтіндік, графикалық, дыбыстық және бейнелік ақпарат жолдауға мүмкіндік береді.

Университет ПОҚ және студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша білім алушылардың контингентіне сай соңғы үлгідегі компьютерлер санының артқаны, шет тілдеріндегі оқу және ғылыми әдебиеттердің қоры ұлғайғандығы байқалды.

Университет ПОҚ және студенттермен жүргізілген әңгіме нәтижелері бойынша білім алушылардың контингентіне сай соңғы үлгідегі компьютерлер санының артқаны, шет тілдеріндегі оқу және ғылыми әдебиеттердің қоры ұлғайғандығы байқалды.

Аудиторияларды, оқу және ғылыми лабораторияларды (соның ішінде виртуальды), компьютерлік сыныптарды, оқу залдарын, ғылыми-әдістемелік кабинеттерді аралаған кезде олардың жетілікті деңгейде қамтамасыз етілгенін көрдік. 2 студентке 1 компьютерден келетіндігі де расталды.

Оқу, ғылыми зертханаларының заманауи жабдықталуы; кітапхананың кітап қорын үнемі толықтыруы; университет баспасында ПОҚ-тың оқу, ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектерінің жариялану мүмкіндігі; желі құрудағы әр түрлі технологияларды қолдана отырып, университеттің ауқымды ақпараттық ортасының құрылуы университеттің, оның ішінде мамандықтың жетістігі.

Тіркеу офисі, кеңес беру қызметі, кітапхана, ақпараттық және ғылыми-зерттеу орталықтары, жатақхана, асханалар мен буфеттер,

медициналық орталықтар, спорт залдары, ғылыми, танымдық-тағылымдық клубтар.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, телестудия, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Тіркеу бөлімінің жұмыстары, жоспарлар мен есептер, ПОҚ және студенттермен сұхбат нәтижелері, электронды каталог; жоғары жылдамдықты интернет және Wi-Fi аумағының іске қосылып тұрғандығы қаралып шықты.

### **Жағымды тәжірибе:**

Студенттерге қызмет көрсету орталығының жұмыс жасауы.

## **Стандарт 7. Ақпараттық басқару**

Аудит кезінде университеттің ресми Web-сайтында мамандық және оқытушылар жайлы ақпараттар, мамандықтың электронды оқу-әдістемелік кешендері, элективті курстардың каталогы, ректораттың өкімімен жүргізілген элективті курстардың презентациялары туралы толық және объективті ақпараттар жүйелі түрде жарияланғандығын көрдік. Веб-сайтта университеттің стратегиялық жоспары, этика кодексі, нормалар, коллегиялық органдар құжаттары, студенттердің тыныс-тіршілігі, кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары, Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» бағдарламасының бағыты, ЖОО стратегиялық бағыты туралы ақпараттар, халықаралық конкурстардың жобалары үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) орналастырылған. Университеттің сайты мен білім беру порталы білім беру бағдарламасы, студенттерді қабылдау шарттары, күтілетін нәтижелер және оқыту әдістері туралы толық мәліметтерді қамтиды. Сайттағы мәліметтер үнемі жаңартылып отырады және респонденттермен кері байланыс орнатылған. Сайттағы ақпараттар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген. Сайттан университет институт миссиясын, жаңалықтарын, конкурстар, конференциялар, халықаралық жобалар, кафедралар жайлы мәліметтер және өзге де маңызды ақпараттарды білдік. Сайттағы ректор блогында студенттер мен ата-аналардың танысуы үшін ақпараттар орналастырылған: факультеттің перспективті дамуы, ағымдық іс-шаралар, пәндерді оқыту сапасын бақылау, студенттердің оқу үлгерімі және т.б.

Университет сайты, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, иллюстрациялар барлығы қосылып, нәтижесінде университеттің қызметі мен дамуына, болашағына жол ашады.

Университетте білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі көрсеткіштер болып саналатын пәннің және мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері, жоспардың модульдік құрылымы, элективті пәндер каталогы,

ұсынылатын білім беру траекториялары, ОПҚ құрамы, материалдық техникалық база, кітапханалық-ақпараттық мәліметтердің жаңғыртылуы бойынша ақпараттар жинау және мониторинг жүйесі қалыптасқан.

ЖОО-да қоғамды ақпараттандыру қоғамдық және саяси транспоренттіліктің (ашықтықтың), оқу орны дамуы бойынша есептіліктің негізгі бөлігі ретінде қарастырылады. Университет веб-сайтында ОҚМУ-дің <http://portal.ukgu.kz>, порталында қолжетімді. Білім беру бағдарламасы, студенттер және оқытушылар туралы мәлімет беретін анықтамалық кітапшалар бар. Мұның бәрі аудит кезінде расталды. Университеттің интернет желісінде «PLATONUS» автоматтандырылған ақпаратты-білім беру кешені бар. Кафедрада мамандықтың ерекшелігі, ББ жетістіктері мен қорытындылары хабарландырылған ақпарат тақтайшасы бар. Мамандық бойынша студенттерді дайындау процесінде пайдаланылатын ақпараттық қамтамасыздандырудың бірегей жүйесі талаптарға сай келеді.

Аталған жұмыстардың барлығы студенттер контингентінің жыл сайын артуына өзінің септігін тигізеді. Мамандық бойынша студенттер санының өсу динамикасы байқалады. Ата-аналармен, студенттермен, оқытушылармен, жұмыс берушілермен ақпараттық технологиялар арқылы кері байланыс жұмыстары жүргізіліп отырады.

Сұхбат барысында студенттердің халықаралық және республикалық ресурстарды қолдана алатындықтары айтылды.

Бағдарламаны басқару әдістері негізіне оқытушыларды конкурстық іріктеу және ішкі жоспарлы аттестациялау, оқыту үдерісіне қатысушылар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу, студенттердің оқу жетістіктерін талдау, бағдарламаны жүзеге асыруда жұмыс берушілерді қатыстыру, қазіргі заманғы оқыту технологияларын енгізу, қаржылық менеджмент, бағдарламаны жүзеге асыруда рейтингтер, мемлекеттік аттестация, ұлттық аккредитация түрінде сырттай бағалауы жатады.

Университетте ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг жасау дәстүрге айналған.

### ***Жағымды тәжірибелер:***

Университет сайтында және республикалық және өңірлік БАҚ-да білім беру бағдарламасы туралы толық әрі шынайы ақпараттардың ұдайы жарияланып отыруы.

Кафедрада оқу орнының білім беру мүмкіндіктерімен қоғамды ақпараттандыру үшін әртүрлі сала бойынша көрмелер ұйымдастыру, концерттік бағдарламалар көрсету, қалалық, аймақтық, облыстық,



республикалық және халықаралық деңгейдегі конференция, семинар, конкурстарға қатысу сияқты салмақты жұмыстарды атқаруы.

### **3 ТАРАУ**

#### ***ҚОРЫТЫНДЫ***

---

**Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының мақсаты және сапамен қамтамасыздандыру саласындағы саясат**

**Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару**

***Жақсарту шаралары:***

«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасы болашақ педагогтарды дайындайтындықтан ҚР мен Түркістан облысының білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен студенттердің жеке мүдделерін қанағаттандыратын оқытудың жаңа технологияларына негізделген және болашақ мұғалімнің дағдылары мен пәндік-әдістемелік білімдерін қалыптастыратын әдістемелік бағыттағы элективті пәндерді оқу үдерісіне енгізу мәселесі жандандырылсын. ***(5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ)***

**Стандарт 3. Студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау**

**Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификациялау**

**Стандарт 5. Профессор- оқытушы құрамы**

**Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау**

**Стандарт 7. Ақпараттық басқару**